

«8D02205-Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Молдахмет Архад Айтжанұлының - «Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы Алтын Орда дәуірінің қалалары: Қышқала материалдары бойынша» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді	Молдахмет Архад Айтжанұлының «Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы Алтын Орда дәуірі қалалары: Қышқала материалдары бойынша» атты диссертациялық жұмыс кейінгі ортағасырлардағы Қазақстанның сырдың төменгі ағысы бойындағы тарихы мен археологиясы және мемлекеттік бағдарламалар ішінде «Қазақстан 2050» стратегиясында көрсетілген ұлттық даму жоспарларына сәйкес келеді. Түркістандағы Ұлттық құрылтайда мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жасаған баяндамасының үшінші бағытындағы өткен тарих пен мәдениетті насихаттау идеясымен ұштасып отыр. 3) А.А. Молдахметтің Ұсынылып отырған диссертациясы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылы, 23 наурыздағы №248 «Қазақстан Республикасы жоғарғы білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» қаулысының 3 тарауына сәйкес жоғарғы

			техникалық комиссияның 2023-2025 жылдарға арналған ғылымды дамытудың 10 басым бағытының бірі болып бекітілген «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» бағытына сай келеді
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыста Сырдария өзені төменгі ағысындағы Алтын Орда дәуірі қалалары: Қышқала материалдары бойынша сипатталған. Атап айтқанда, XIII-XV ғғ. Сырдария өзені төменгі ағысында орналасқан Жошы Ұлысы қалаларына қатысты тарихи, археологиялық, этнофольклорлық зерттеулер ұсынылған; тарихи-топономикалық аңыздар, қаһармандық бағыттағы батырлық жырлар тарихи, тарихи-салыстырмалы тұрғыда талданып, ауызша естеліктегі жер-су атаулары мен жазба мәліметтердегі ескерткіштер сәйкестендірілген. Сырдария өзені төменгі ағысындағы алтынордалық қалалардың қалалық мәдениетті қалыптастырудағы рөлі, беделі, экономикалық-саяси жағдайы, әлеуметтік-гуманитарлық ахуалы; Асанас, Қышқала, Мыңшоқы, Жаңақала, Күйік-қала, Кескен-күйік, Мыңтөбе ескерткіштерінің орналасуы мен топографиялық құрылымына қатысты ақпараттар топтастырылып, оларды тарихи деректердегі көне қалалармен баламалау мәселесі талқыланған; ортағасырлық Қышқаламен оған жақын орналасқан ескерткіштерде қазба және барлау жұмыстарын жүзеге асыру арқылы, Ұлық Ұлыс дәуіріне жататын жаңа археологиялық нысандарды

			есепке алу жайлы мағлұматтар жеке тарау түрінде қарастырылған. 2.1. Қосады, ашылған.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1)жоғары; 2)орташа; 3)төмен; 4) өзі жазбаған.	Молдахмет Архад Айтжанұлы диссертациялық жұмысты өзі орындаған, жазу деңгейі жоғары. Ғылыми әдебиеттер мен мұрағаттық құжаттар,музейлік коллекциялар, картографиялық мәліметтер сараланып, талданып берілген. Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып табылады. 3.1 Жазу деңгейі жоғары
4	Ішкі бірлік принципі	4.1Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1)негізделген; 2)ішінара негізделген; 3) негізделмеген	Диссертациялық тақырыптың өзектілігінің негіздемелері: 1. Соңғы жылдары сырдың төменгі ағысында жүргізілген археологиялық барлау жұмыстары нәтижесінде бұрын ғылымға белгісіз болып келген ортағасырлық ескерткіштердің орындары анықталып, кешенді талдаулар жүргізіп ғылыми айналымға енгізген. 2.Сырдария өзені төменгі ағысындағы Алтын Орда дәуірі ескерткіштеріне қатысты кеңестік және отандық ғалымдардың еңбектері толықтай сараланып, мұрағат деректерін топтастырған. Сонымен қатар А.А. Молдахмет тарапынан ескерусіз қалған ескерткіштер қайта зерделеніп, олардың

		маршруттық картасы сызылған. 3. Ортағасырлық Қышқалада кешенді ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы алтынордалық динамикалық дамуы мен мәдени-тарихи үдерістері жайлы тұжырымдар келтірілген. Осы себептер бойынша, тақырып өзектілігі айқын деп санаймыз. 4.1.1 Жоғарыда қойылған талаптар бойынша диссертацияның өзектілігі негізделген.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыс мазмұны мен оның тақырыбын толығымен ашып көрсеткен. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және алты қосымшадан тұрады. Барлық бөлімдер бір-бірімен логикалық және сабақтастық тұрғыдан байланыса отырып, мақсатына жеткен, алдына қойған міндеттерін толық орындап көрсеткен. 4.2.1 Айқындалған
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеудің мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына қойылған мәселені шешуге сәйкес келеді. Мақсаты – Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы Алтын Орда дәуірі қалаларын (XIII – XV ғғ.) археологиялық материалдар және жаратылыстану бағытында жасалатын пәнаралық байланыстар

		негізінде зерттеу. Сондай-ақ, алтынордалық қалалардың баламалануы, зерттелу тарихы, қалыптасуы, дамуы, сәулеттік құрылыс ерекшеліктерін талдау. Осыған сәйкес Төмендегідей міндеттер қойған: — фольклорлық деректердегі тұлға, қала, елді-мекен атауларының біз қарастырып отырған Сырдария өзені төменгі ағысындағы Ұлық Ұлыс дәуірі ескеркіштерімен тарихи жақындығын археологиялық зерттеулер негізінде бағамдау және саяхатшылар мен өлкетанушылардың жазба естелік деректерін саралау, сондай-ақ Сырдария өзені төменгі ағысында орналасқан алтынордалық қалалардың зерттелуі мен Қышқаланы баламалау мәселесін талдау; — Қышқалаға (Баршынкентке) жақын орналасқан Жошы Ұлысы дәуірі қалаларына археологиялық барлау жұмыстарын жүргізу; — Ортағасырлық Қышқалада кешенді ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы оның жасына, суландыру және қорғаныс жүйесіне, қыш өндірісіне, қоғамдық нысандарының орналасуына, культтік-мемориалдық, қарапайым жерлеу орындарынан алынған адам сүйектеріне антропологиялық зерттеулер жүргізу; — Қышқаланың шаруашылығы: жануар
--	--	--

		сүйектеріне жасалынған талдау нәтижелерін жариялау; — Сырдария өзені төменгі ағысы мен Қышқаланың (Баршынкент) халықарлық саудадағы қызметін айқындап, аймақтың экономикалық дамуындағы ықпалын нумизматикалық деректер тұрғысынан бағалау; — Қышқаладан табылған тұрмыстық заттар негізінде Сырдария өзені төменгі ағысындағы алтынордалық қалалардың қоғамдық-әлеуметтік өмірін, шаруашылық ахуалын бағамдау. Диссертациямен танысу барысында әр тарауда, аталған мақсат бойынша жұмыс жүргізіліп, міндеттер іске асқаны байқалады. 4.3.1. Сәйкес келеді.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертациялық жұмыс барлық бөлімдері мен құрылысы бір-бірімен толық байланысқан. Әрбір бөлім мен тарау тармақшаларының қорытындылары үндеседі. Әр ескерткіштің тас құралдарын, қыш ыдыстар сынықтарын жекелеп қарастырып, қоныстан табылған тас құралдары санын кесте және гисторграммен көрсетіп, диаграммалар арқылы құрал түрінің басымдығын көрсеткен. Жұмысты орындау барысында ізденуші тарапынан мұрағат деректері ғылыми еңбектерді өзара сабақтастықты бұзбай

			пайдалануға ұмтылыс жасалған. 1. Толық байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ	Диссертант тарапынан алғашқы рет Жошы Ұлысы дәуірінен келе жатқан жеткен тарихи жырлардағы қала атаулары, тұлға есімімен байланысты тарихи-мәдени ескерткіштер, халық санасында сақталған аңыздар, уақыт өте келе әфсанаға айналған фольклорлық деректер, осы жерде болған саяхатшылардың, өлкетанушылардың жазба мұралары мен еңбектеріне, кәсіби археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарына толықтай сипаттама берілген. 1. Сыни талдау бар
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1)толығымен жаңа; 2)ішінара жаңа (25-75% жана); 3)жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған ғылыми нәтижелер мен пікірлер толығымен жаңа деп бағалауға болады. 2018-2023 жж. аралығында ортағасырлық Қышқалаға жақын орналасқан барлығы 20 археологиялық ескерткіш оның ішінде 1 бекіністі елді мекен, 10 нысан оғыз дәуірі мен мерзімделсе (Іңкәрдария, Жаңадария, Тастөбе, Тазтөбе, Құлболды, Қорғаншы, Мадиярқала, Жайны, Жайны бекінісі, Сайқұдық I, Айдарлы), 5 нысан Алтын Орда дәуірімен сипатталады (Мыңшоқы, Мыңшоқы II, Жаңабай, Үштөбе, Биікқұм), ал қалған 4-і асарлар (Үш асар 1, Үш асар 2, Үш асар 3, Таға асар) орны ашылып,

		олардан көтерме материалдар (қыш, тиын т.б.) және әуеден, жерден түсірілген суреттер, топографиялық жобалары түріндегі деректер жинақталған. Диссертанттың тікелей қатысуымен Сырдарияның төменгі ағысындағы Алтын Орда дәуірі қалалары мен 2018-2023 жж. ортағасырлық Қышқалада жүргізілген зерттеу жұмыстары барсында бірқатар ақпараттар жинақталды. Сегіз қырлы мұнаралы құрылыс, қыш күйдіретін пеш, шаруашылық орындар мен кесенелер және оларға қатысты қыш кесектер мен сырлы қаптамалары сияқты құрылыс материалдары, тиындар, антропологиялық және остелогиялық материалдардың алынғанын көріп отырмыз. 1. Толығымен жаңа
	5.2Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Бұрын толық зерттелмеген Сырдың төменгі ағысындағы Алтын Орда дәуірі ескерткіштерін бір жүйеде қарастырылып отырған алғашқы ғылыми диссертация болғандықтан, диссертанттың қорытындылары жаңа болып табылады. Қолданылған деректер мен ұсыныстар тәжірибелік маңызға ие. Зерттеудің жүйелік сипаты, теориялық мәселелер мен тәжірибелік нәтижелердің байланыстылығы мен диссертация қорытындыларының ғылыми-әдістемелік негізделуі айқын, шынайылық дәрежесі жоғары, жаңа ақпараттар

			қарастырылған.
		5.3.Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1)толығымен жаңа; 2)ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)	Диссертациялық жұмыс «8D02205 – Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған және гуманитарлық бағыт бойынша әзірленгендіктен, техникалық, технологиялық, басқару шешімдерін талқылауды мақсат етпейді. Жұмыс техника технологиялық әдістер мен орындалып, нәтижелері толығымен жаңа мазмұнда негізделген. 5.1 Толығымен жаңа
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куоолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыста көрсетілген барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1)дәлелденді; 2)шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4)дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Ізденуші зерттеу жұмысын жазу барысында ғылыми мәселені қоя білген. 1-қағидат бойынша Фольклорлық зерттеулер негізіндегі Қобыланды батыр жырындағы «Сырлы, Қырлы» қала орындарын қазіргі күндегі Сырлытам, Заңғарқала ескерткіштерімен теңестіріліп, Алпамыс батыр жырындағы Гүлбаршын бегімге арнап

			салынған қала мен тарихи деректердегі Баршынкенттің өзара ортақ байланысатын белгілері хақында бірқатар пікірлер ұсынылған. 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Қағидаттар жаңа 7.4 Қолдану деңгейі кең 7.5 Ия.
		7.2. Тривиалды ма? 1)ия; 2)жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес	2-қағидат бойынша Саяхатшылар мен өлкетану бағытындағы зерттеушілердің еңбектері талқыланып, алғаш рет Сырдария өзені төменгі ағысындағы алтынордалық ескерткіштердің (Асанас, Қышқала, Жаңақала, Жанкенттік Мыңтөбе, Кердері, Арал-асар т.б) зерттелу тарихы жазылып, олардың Ұлық Ұлыс заманында да атқарған қызметтері (керуен сарай, бекініс, қоныс, қыстақ) анықталған. 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Қағидаттар жаңа 7.4 Қолдану деңгейі кең 7.5 Ия.
		7.3 Жаңа ма? 1)ия; 2)жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес	3- қағидат Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы алтынордалық ескерткіштер тарихи деректерде кездесетін Эшнас – Асанас, Барчинкент – Қышқала (Қыштөбе), Жент – Жаңқала, Хувара – Күйік қала, Хайрабат – Кескен-күйік қалаларымен баламаланған. 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Қағидаттар жаңа 7.4 Қолдану деңгейі кең

			7.5 Ия.
		7.4 Қолдану деңгейі: 1)тар; 2)орташа; 3)кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес	4-қағидат Қышқала қаласына жақын маңда жүргізілген барлау жұмыстары барысында 20 археологиялық ескерткіш ашылып, ғылыми айналымға енгізіліп, оның ішінде төртеуі: Мыңшоқы 1,2, Жаңабай, Үштөбе ескерткіштерінен Алтын Орда дәуіріне жататын айғақты керамикалық ыдыстар кездескен. 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Қағидаттар жаңа 7.4 Қолдану деңгейі кең 7.5 Ия.
		7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1)ия; 2)жоқ 3)бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес	5-қағидат бойынша Қышқала (Баршынкент) қаласының сәулеттік-құрылымы жіктеліп, орналасу ауданы мен онан ашылған нысандардың атқарған қызметі айқындалған. 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Қағидаттар жаңа 7.4 Қолдану деңгейі кең 7.5 Ия.
			6-қағидат бойынша остеологиялық деректер тұрғысында Қышқаланың шаруашылығына қатысты тың ақпараттарға қол жеткізіліп, қала тұрғындарында балық аулау, аң аулау кәсібінің жоғары деңгейде дамығандығын көрсеткен тұжырымдар ұсынылған. 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес

			7.3 Қағидаттар жаңа 7.4 Қолдану деңгейі кең 7.5 Ия.
			7-қағидат бойынша нумизматикалық деректер базасының ауқымдылығына байланысты Қышқалада теңге соғатын сарай болу мүмкін деген болжамдар ұсынылып, табылған тиындардың 80% пайызының соғылған жері Баршын екені көрсетілді. Сондықтан Қышқаланың көне Баршынкент қаласы болуы ықтимал деген тұжырымдар жасалып, соғылған тиындардың бірқатарында Алтын Орда ханы Тоқтамыстың есімі ойып жазылғаны белгілі болды. 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Қағидаттар жаңа 7.4 Қолдану деңгейі кең 7.5 Ия.
			8-қағидат бойынша Қышқаладан кездескен керамикалық бұйымдар кешені көрінісіне қарай сырлы және сырсыз деп екіге жіктелген. Ыдыс сынықтарына жалпылама морфологиялық және морфиметриялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Тарихи-салыстырмалы талдау жұмыстары барсында Қышқаланың сырлы және сырсыз ыдыс үлгілерінің алтынордалық дәуірге жататындығы айқындалған. 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Қағидаттар жаңа 7.5 Қолдану деңгейі кең 7.5 Ия.
			9-қағидат бойынша 2018-2023 жж. Баршынкент

			(Қышқала) қаласында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының барысында оның әр түрлі бөліктерінен 11 сәулеттік нысанның орны (сегіз қырлы кешен, құмбыз, кесенелер, тұрғынжайлар) ашылып, олардың функционалдық қызметтері анықталған. 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Қағидаттар жаңа 7.4 Қолдану деңгейі кең 7.5 Ия.
8	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	Қойылған міндеттерді шешу үшін диссертацияда жалпы ғылыми және арнайы тарихи әдіснама қолданылған. Диссертациялық жұмысты зерттеу барысында алынған нәтижелерді сипаттау және салыстыру, дайындау жинақтау мен талдауды қамтитын жалпы ғылыми әдістер жиынтығы және жаратылыстану ғылыми әдістері нәтижелі түрде пайдаланған және іске асырылған. 1.Ия
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыс геоархеологиялық әдістер кешені болғандықтан компьютерлік технология геоақпараттық жүйе (ГАЗ) бағдарламасына сәйкес электронды карталар, ескерткіштерді және артефактілерді түсіру барысында пайдаланған фотоаппараттар, өңдеу үшін фотошоп бағдарламалары және кестелер диаграммалар, графикалық

		гистограмалар жоғары дәрежеде пайданылған. 1.Ия
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Теориялық қорытындылар эксперименттік зерттеулер дәлденген және расталған. сырдың төменгі ағысындағы Қышқала қаласынан табылған жәдігерлер (керамика, метал, шыны заттар) Жайық бойындағы, Сарыарқа жеріндегі, көршілес Орталық Азия Өзбекстан аумағы Хорезм аумағы Өмударияның төменгі ағысындағы материалдар мен ортақ ұқсастығы анықталып, сол арқылы ескерткіштің мерзімделу мәселесіне қатысты тұжырымдар жасалынған. 1.Ия
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде диссертациялық жұмыстың маңызды мәліметтерін растайтын Ресей Федерациясы РФА ММТИ мұрағаты, Н.Н.Миклухо-Маклай атындағы этнология және антропология атындағы институты мұрағаты, Мемлекеттік Шығыс Халықтары музейі, Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі, Ө.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының мұрағаты құжаттары, диссертациялық жұмыстар, арнайы тақырыптық зерттеулер, ТМД елдерінің ғалымдарының зерттеулері, мерзімді баспасөздер секілді көптеген сенімді деректер

			мен тиісті ғылыми әдебиеттер тақырыпты толықтырып растайды.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 235 библиографиялық сипаттамадан тұрады. Тақырыпқа сай мұрағат материалдары, диссертациялық жұмыстар, отандық және шетелдік ғылыми мақалалар, монографиялар тізімі ұсынылған. Олар ғылыми тұжырым жасауға әбден жеткілікті.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1)бар; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыс теориялық маңыздылығы бар. Сырдария өзені төменгі ағысы археологиялық аудандарының орналасқан кейінгі ортағасырлық ескерткіштерін кешенді зерттеу жұмыстары нәтижесінде аталған өңір ескерткіштерінің тарихи-мәдени рөлі мен маңызы ғылыми тұрғыдан қалпына келтірілген. 1.Ия
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1)ия; 2) жоқ.	Зерттеу жұмысының нәтижелерін практикада қолдануға болады. Қазақстан тарихы және археологиясы, өлкетану және ЖОО арнайы оқу бағдарламасын жазуда, қазба барысында табылған археологиялық материалдарды талдау барысында, республикалық, облыстық және ауданаралық музейлердегі маңызы әртүрлі экспозицияларда және қордағы зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда пайдалануға бек мүмкін. 1.Ия

		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу жұмысының практикалық ұсыныстары жаңа болып табылады. Диссертанттың зерттеп отырған тақырыбы мен зерттеу аймағы жаңа қырынан қарастырылған жаңа еңбек болып табылады. Келешекте осы диссертацияны негізге ала отырып авторлық ғылыми монография дайындауға болады. 1.Толығымен жаңа
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1)жоғары; 2)орташа; 3)орташадан төмен; 4) төмен.	Жұмысты жазу академиялық сапасы жоғары. Бөлімдер мен тараулар ұтымды пропорция сақтаған. Докторлық диссертация еш күмән жоқ Арал аймағының ежелгі тарихын жазу барысында қызығушылық тудырады. Материалдарға бай және теориялық әдістемелік тұрғыдан жақсы жазылған толық жұмыс деп қабылдауға болады..
11	Диссертацияға ескертулер		Жалпы жоғарыда айтылған сын ескертпелер диссертацияның құрылымына нұқсан келтірмейді. Жұмыс барлық талапқа сай, ретімен жазылған.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Ғылыми нәтижелерге қол жеткізуде зерттеуші бұл мәселемен докторантураға оқуға түскеннен бастап айналысқан. Соңғы үш жылда Қышқала ескерткішінде жүргізілген далалық қазба жұмыстарына өзі тікелей араласып ғылыми нәтижелерге қол жеткізген. Ғылыми мақалаларда далалық зерттеулердің нәтижелері көп келтіріліп, дегеносы жолы теориялық

			мәселелерге көп көңіл аударған..
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Молдахмет Архад Айтжанұлына - «Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы Алтын Орда дәуірі қалалары: Алтын Орда дәуірінің материалдары бойынша» тақырыбында дайындалған диссертациясы ҚР Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру» қағидаларына толық сәйкес келеді деп есептеймін. Сондықтанда, «8D02205-Археология және этнология» мамандығы бойына философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімді ұсынамын.

Ресми рецензент:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Археология ғылыми зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері қауымдастырылған профессор PhD

